ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН
АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ АЛИХАНА БОКЕЙХАНА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ТЕМИРТАУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

01.09.2023 № 281 Н/К

Теміртау қаласы город Темиртау

**Гимназияда терроризмге қарсы**
**қорғалуды және қауіпсіздікті**
**қамтамасыз ету туралы**

Терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету мақсатында және "террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғау жүйесіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 қаулысы мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

**I.** Гимназия ішінде терроризмге қарсы күресті ұйымдастыру, оқыту насихаттау іс шараларды өткізу үшін жұмыс тобы құрылсын:

Құрамы:

1.Директор – К.А.Нургалиева

2.Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары - М.Т.Асадова.

3.Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары - Р.Тоймурзаева

4.Директордың ӘШЖ орынбасары - О.Молдашбекова

5.АӘ және ТД мұғалімі – С.Арынов

**II.** Гимназияға терроризм актісіне қарсы іс-әрекеттер жоспарын ұйымдастыру бойынша жауапкершілігі АӘ және ТД пәнінің мұғалімі С.Арыновқа жүктелсін.

**III.** Мектепке кіргізу тәртібі, мекемеде әр уақытында күзет қызметкерлерінің дұрыс жұмыс жасауына жауапкершілігі директордың ӘШЖ орынбасары О.Молдашбековаға жүктелсін.

**IV.** Осы тақырыпта мұғалімдерге нұсқаулық, іс жүзінде оқу жаттығуларды өткізу жауапкершілігі директордың ТЖ орынбасары М.Т.Асадова мен АӘ және ТД пәнінің мұғалімі С.Арыновқа жүктелсін;

**V.** Оқушылармен тәрбие сағаттары, дәрістер, үгіт насихат жүргізу жауапкершілігі директордың тәрбие орынбасарлары М.Асадова және Г.Омароваға жүктелсін.

**VI.** Директордың ӘШЖ жөніндегі орынбасарына келесі жұмыстарды қадағалау жүктелсін:

- күнделікті техникалық кабинет пен складты тексеріп, ретке келтіру;
- күнделікті күзетші мен техникалық қызметкерлердің жұмыстарын қадағалау;
- күнделікті гимназия аумағын аралау, тексеру;

001700

- эвакуациялау жоспарлары мен қосалқы шығу жолдарындағы және электр қауіпті жерлердегі сигналдық белгілердің сақталуын және уақтылы өзгерістер енгізуді бақылау;

- телефондардың үздіксіз жұмыс істеуін тексеру;

- қоқыстардың уақытылы шығарылуын қадағалау.

**VII.** Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары М.Асадоваға келесі жұмыстарды қадағалау жүктелсін:

- гимназияның оқу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша гимназия мұғалімдерімен уақытында нұсқама жүргізу;

- сынып жетекшілердің оқушыларға нұсқау беру және ата-аналармен ТЖ өткізу және қауіпсіздік мәселелері бойынша әңгіме ұйымдастыру бойынша жұмысын ұйымдастыру;

- оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кезекші әкімшілер мен кезекші мұғалімдердің жұмысын бақылау.

**VIII.** 1-11 сынып жетекшілеріне келесі жұмыстарды қадағалау жүктелсін:

- ата-аналармен әртүрлі стандартты емес төтенше жағдайларда балалардың өмірін сақтау, терроризмге қарсы қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, еңбекті қорғау мәселелері бойынша жұмыс жүргізу;

- оқушыларға әртүрлі стандартты емес төтенше жағдайлардағы тәртіп бойынша, өрт қауіпсіздігінің терроризмге қарсы қорғалуы, электр қауіпсіздігі,гимназия жұмысының регламенті бойынша және ТЖ немесе жазатайым оқиға туындаған жағдайда еңбекті қорғау мәселелеріне қазіргі заманға нұсқамалар жүргізу.

**IX.** Гимназия қызметкерлеріне барлық оқиғалар мен төтенше жағдайлар туралы дереу баяндау:

- кезекші әкімшіге немесе гимназия әкімшілігіне.

- гимназия әкімшілігі «Теміртау қаласының білім бөлімі» ММ-не хабарлассын;

**X.** Өзіме қалдырамын:

- терроризм мен экстремизм көріністерінен барынша қорғауды жүзеге асыру бойынша педагогикалық ұжым қызметкерелірінің арасында міндеттерді бөлумен ұжымның қауіпсіз жұмыс жүйесін әзірлеу;

- мереке күндері жұмысты ұйымдастыру және терроризмге қарсы қорғалу бойынша бұйрықтарды шығару;

**Директор** **К.А.Нургалиева**